

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ



ПРАВИТЕЛЬСТВО
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты
Д.Қ. Мыңбайға

2019 жылғы 7 қарашадағы № ДС-172 тапсырмаға

Құрметті Дархан Қамзабекұлы!

Сіздің қатты тұрмыстық қалдықтарға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі – *ТҚҚ*) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда.

Осы саладағы проблемалық мәселелерді тиімді шешу үшін Министрлік елде қалдықтарды реттеудің жүйелі тәсілін және оның тиімді қаржылық моделін әзірлеуге мүмкіндік беретін қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны бекітуді жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта жаңа экологиялық кодекстің жобасы (бұдан әрі – *Жоба*) әзірленді, оның шеңберінде қалдықтарды басқару процестерінің жаңа тетіктері мен ұғымдары, оның ішінде қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу қызметін лицензиялау, сондай-ақ ең озық қолжетімді және жасыл технологияларды кеңінен қолдануды мемлекеттің көтермелеуі мен ынталандыруы көзделген.

ТҚҚ көму көлемін төмендету үшін «Waste to Energy» тетігін енгізу мәселесі қарастырылуда, ол қайта өңдеуге жатпайтын фракциялардың қалдықтарын жағуға мүмкіндік береді. Осылайша, елде «Waste to Energy» тетігін толыққанды енгізу кезінде ТҚҚ өңдеу көлемін 50 %-ке дейін ұлғайтуға болады.

«Waste to Energy» бағдарламасын енгізудің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында қаржылық есеп айырысу орталығы жаңартылатын энергия көздері саласындағы қолданыстағы тетікке ұқсас қоқыс өртейтін зауыттары өндіретін электр энергиясын сатып алу тәртібін пайдалануды жоспарлауда.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру бойынша заңнамалық түзету қабылданған жағдайда бірінші кезеңде қоқыс өртейтін зауыттарды салу жоспарлануда.

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕККЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Сонымен қатар, қалдықтарды орналастыру орындары бойынша жерді қашықтықтан зондтау жүзеге асырылуда, оның қорытындысы бойынша 2018 – 2019 жылдары үш мыңға жуық рұқсат етілмеген қоқыс орындары жойылды.

Сондай-ақ, қазіргі таңда қайталама шикізатты жинау мен жинақтауды қамтамасыз ету үшін «хабтар» құру, оларды бөлек жинау мен сұрыптау бойынша инфрақұрылымы жоқ өңірлерде ТҚҚ сұрыптау желілерін орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2020 жыл Еріктілер жылы деп жариялағаны белгілі. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі волонтерлік бастамаларды бағалау мәселесі пысықталатын болады.

Сонымен қатар, #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясына еріктілер, қоғам қайраткерлері, Үкімет мүшелері, экологиялық белсенділер және Қазақстанның барлық бей-жай қарамайтын азаматтары қатысты.

Халықтың экологиялық санасы мен мәдениетін көтеру мақсатында Министрлік білім және ақпарат саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу бөлігінде халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Студенттерді экологиялық тәрбиелеу үшін жоғары оқу орындарында жыл сайын экологиялық акциялар өткізіледі.

Мектептегі білім беру жүйесіндегі экологиялық тәрбие оқу және сабақтан тыс іс-әрекет, қосымша білім беру жүйесіндегі сабақ барысында жүзеге асырылады. Республиканың орта жалпы білім беретін мектептерінде 2581 экологиялық үйірме және 2179 туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс істейді.

Республиканың мектепке дейінгі мекемелер арасында суреттер конкурсы, оқушылар арасында – шығармалар конкурсы, ЖОО-ның студенттері арасында – экологиялық тақырыпта семинарлар мен пікірталастар; флешмоб, ақпараттық материалдарды (буклеттер, созбалар, баннерлер, плакаттар және т.б.) әзірлеу және басып шығару конкурстары өткізіледі.

«Жер Сағаты» халықаралық акциясы, сондай-ақ тұрғындар ТҚҚ-мен және қауіпті қалдықтардың пайда болу орындарында дұрыс жұмыс істеуі, ТҚҚ-ны бөлек жинау (бейне-, аудио-роликтер, баннерлер, БАҚ-та жариялау, эко-сабақтар, эко-лекциялар, экологиялық акциялар) туралы үгіттеу жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың 3 қазанында республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерінде барлық жерде Республикалық экологиялық сағат (бұдан әрі – Экосағат) басталды.

Экосағат аясында оқушылармен табиғатқа, туған өлкеге ұқыпты қарау, табиғи ресурстарды, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, су ресурстарын сақтау, салауатты экодағдыларды дамыту, дұрыс экодемалыс, ТҚҚ бөлек жинау, дұрыс тамақтану және т. б. мәселелерді талқылай отырып диалогтар өткізілді.

Сонымен қатар, 2019 жылдың басынан бастап бөлек жинауды енгізуге қатысты БАҚ-та 2697 материал, оның ішінде республикалық телеарналарда - 358 сюжет, республикалық баспа басылымдарында - 236 мақала, интернет-ресурстарда –

3

696 материал, өңірлік БАҚ-та- 1407 материал (596 сюжет, 811 мақала) орналастырылды.

Жалпы алғанда, экологиялық тәрбие және оқушылардың табиғатына ұқыпты қарауды насихаттау бойынша жұмыс жалғастырылып, Экосағаттардың өткізілуі дәстүрге айналатын болады.

А. Мамин

**Депутату Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Мынбаю Д.К.**

На № ДС-172 от 7 ноября 2019 года

Уважаемый Дархан Камзабекулы!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно твердых бытовых отходов, сообщая следующее.

Министерством экологии, геологии и природных ресурсов (далее – Министерство) совместно с местными исполнительными органами реализуются государственная политика в сфере управления твердыми бытовыми отходами (далее – ТБО).

Для эффективного решения проблемных вопросов в данной сфере Министерством планируется утвердить программу по управлению отходами, которая позволит выработать системный подход регулирования отходами в стране и ее эффективную финансовую модель.

В настоящее время разработан проект нового Экологического кодекса (далее – Проект), в рамках которого предусмотрены новые механизмы и понятия процессов управления отходами, в том числе лицензирование деятельности переработки опасных отходов, а также поощрение и стимулирование государством широкого применения наилучших доступных и зеленых технологий.

Для снижения объемов захоронения ТБО рассматривается вопрос внедрения технологии «Waste to Energy», которая позволяет сжигать остатки фракций, не подлежащие переработке. Таким образом, при полноценном внедрении в стране механизма «Waste to Energy» возможно увеличение объема переработки ТБО до 50 %.

В целях повышения инвестиционной привлекательности внедрения «Waste to Energy» планируется использовать порядок покупки расчетным финансовым центром вырабатываемой мусоросжигательными заводами электрической энергии по аналогии с действующим механизмом в области возобновляемых источников энергии.

В случае принятия законодательных поправок по повышению инвестиционной привлекательности на первом этапе планируется строительство мусоросжигательных заводов.

Кроме того, осуществляется дистанционное зондирование Земли по местам размещения отходов, по итогам которого за 2018-2019 годов ликвидированы порядка трех тысяч несанкционированных свалок.

Также в настоящее время проводится работа по созданию «хабов» для обеспечения сбора и накопления вторичного сырья, установке линий сортировки ТБО в тех регионах, где отсутствует инфраструктура по их разделению, сбору и сортировке.

Как Вам известно, по поручению Президента Республики Казахстан К.К. Токаева 2020 год объявлен Годом волонтера. В этой связи будет прорабатываться вопрос оценки волонтерских инициатив по охране окружающей среды.

Вместе с тем, в экологической акции #Birge #TazaQazaqstan приняли участие волонтеры, общественные деятели, члены Правительства, экологические активисты и все неравнодушные граждане Казахстана.

В целях повышения экологической культуры населения Министерством совместно с уполномоченными органами в области образования и информации утвержден План мероприятий по формированию и повышению экологической культуры населения в части бережного отношения к окружающей среде, безопасного обращения с отходами.

Для экологического воспитания студентов в высших учебных заведениях ежегодно проводятся экологические акции.

Экологическое воспитание в системе школьного образования осуществляется в процессе урочной и внеурочной деятельности, занятий в системе дополнительного образования. В средних общеобразовательных школах республики функционируют 2 581 экологических кружков с 58 169 школьниками и 2 179 туристско-краеведческих кружков с участием 46 923 школьниками.

Среди дошкольных учреждений республики проводятся конкурсы рисунков, среди школьников – конкурсы сочинений, среди студентов ВУЗов – семинары и дебаты на экологическую тематику; флешмобы, разработка и издание информационных материалов (буклеты, растяжки, баннеры, плакаты и др.).

Проводится Международная акция «Час земли», а также агитации населения о правильном обращении с ТБО и опасными отходами на местах их образования, разделении, сборе ТБО (видео-, аудио-ролики, баннеры, публикация в СМИ, проведение эко-уроков, эко-лекций, экологических акций).

3 октября текущего года во всех общеобразовательных школах республики повсеместно начат Республиканский экологический час (далее – Экочас).

В рамках Экочаса проведены диалоги со школьниками с обсуждением вопросов: бережного отношения к природе, родного края, сохранения природных ресурсов, растительного и животного мира, водных ресурсов, развитие здоровых экопривычек, правильного экоотдыха, разделенного сбора ТБО, правильного питания и т.д.

Вместе с тем, с начала 2019 года в СМИ размещено 2 697 материалов, в том числе на республиканских телеканалах – 358 сюжетов, в республиканских печатных изданиях – 236 статей, на интернет – ресурсах – 696 материалов, в региональных СМИ – 1 407 материалов (596 сюжетов, 811 статей) касательно введения разделенного сбора.

В целом работа по экологическому воспитанию и пропаганде бережного отношения к природе школьников будет продолжена и проведение Экочасов станет традиционным.

А. Мамин